

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Сиқырлы пішіндер

ЖАРИЯЛАНДЫ 09.10.2021	ТІРЕК СӨЗДЕР ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/107515/
---------------------------------	--	---

Павлодар қаласы, №5 сәбилер бақшасы, Нурахметова Нуршат Канатовна

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру.

Тақырыбы: Сиқырлы пішіндер

Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыра отырып, қарапайым математикалық ұғымдарын бекіту,

Міндеті: Пішіндерді ажыратып айта білуге, заттардың көлемін, түсін анықтай білуге дағдыландыру. Балалардың ой — өрісін, қол моторикасын, логикалық ойлау қабілеттерін ойын арқылы дамыту, зейіндерін, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұйымшылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, пішіндер.

Қажетті құрал-жабдықтар, көрнекіліктер: Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, пішіндер макеті

Кезеңі Тәрбиешінің әрекеті Баланың әрекеті

Мотивациялық-қозғаушылық

Ұйымдастыру

іздестіру

Балалар жарты шеңбер бойымен тұрады.

Алақанды ашайық,

Күн нұрын салайық. Жүрек жылуын салайық.

Сәлеметсіздер ме, балалар? Мен сендерді бүгін «Сиқырлы пішіндер» әлеміне шақырамын. «Сиқырлы пішіндер» әлеміне барғыларың келе ме? Поезбен бәрі шеңбер бойымен жүріп, музыка әуенімен: Гу — гу, гу — гу гуілде, қалып қойма біріңде.

Қане, балалар, тоқтайық. Пыш — ш — ш.

— Балалар, біз міне «Сиқырлы пішіндер» әлеміне де келіп қалдық. — Ой, балалар, әртүрлі пішіндерді қараңдаршы. Өздері сөйлейді. Сиқырлы пішіндерге қандай пішіндер жатады екен, сұрап, көрейікші: Сен қандай пішінсің?

Төртбұрышпын, төртбұрышпын.

Төрт қабырғасы бар бұрышпын,

Қай жағынан қарасаңда,

Төрт қабырғам тең бұрышпын.

Неге төртбұрыш дейді екенбіз, қанекей төртбұрыштың қабырғаларын, бұрышын санайық. (санайды) Төртбұрыштың түсі қандай?

Үшбұрыш:

-Үшбұрышпын, үшбұрышпын,

Үш қабырғам бар бұрышпын,

Төртбұрыштан аз болсам да,

Орны бөлек үшбұрышпын.

Ал, үшбұрышты неге үшбұрыш дейді екенбіз, бұрыштар мен қабырғаларын санайық. Үшбұрыштың түсі қандай екен?

Дөңгелек:

— Домалақпын, домалақпын,

Дөңгелек боп домаладым.

Ай сияқты, күн сияқты

Шар сияқты домалақпын.

Дөңгелектің бұрышы бар ма? Пішіннің түсі қандай?

Д/о. «Айналадағы заттардың пішіні»

Шарты: Заттардың қандай пішіндерге ұқсайтынын тауып айту.

Сергіту сәті:

Ал, балалар, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Көңілденіп біз енді,

Бой сергітіп алайық.

Д/О: «Ойыншықтардың үйін табу»

Шарты: — Мына жерде биік және аласа үй бар. Ойыншықтарды көлеміне қарай, биік үйшікке үлкен ойыншықтарды, аласа үйшікке кішкентай ойыншықтарды апарып қою керек.

Пішіндерден үй құрастырады. Үй қандай пішіндерден тұрады?.

Машина қандай пішіндерден тұрады?

Балалар, барлықтарың сабаққа жақсы қатыстыңдар. «Сиқырлы пішіндер» әлемімен

қоштасып, поезға отырып тобымызға барайық.

Пыш — пыш, пыш — пыш біз кеттік,

Қалып қойма біріңде.

Сәлеметсіз бе?

— Иә.

Төртбұрыштан, үшбұрыштан тұрады.

Тік төртбұрыштан, шаршы, екі дөңгелектен тұрады.

Рефлексивті — түзетушілік Бүгін біз қандай пішіндермен таныстық? Үшбұрыштың неше қабырғасы, бұрышы бар, пішіннің түсі қандай?

Балалар, барлықтарың сабаққа жақсы қатыстыңдар. төртбұрышпен, үшбұрышпен таныстық.

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.